# «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»
## халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференциясының
## ЖИНАҒЫ

# СБОРНИК
## международной студенческой научно-практической конференции
## «Педагогическая наука глазами студентов»




*Қостанай, 2019 ж.*

*Костанай, 2019 г.*

**ӘОЖ 37.0 (063)**
**КБЖ 74.00**
**П 24**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**
**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы,** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **ТашетовАманжол Асқарұлы,** ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетнің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетініңпедагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетініңпедагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**П 24** **ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН =ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай, 2019. - 157 б.**

**ISBN 978-601-7934-80-4**

**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»** атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

**ӘОЖ 37.0 (063)**
**КБЖ 74.00**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019
©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Злыднева Олеся Витальевна. Особенности организации досуга младших школьников. [Электронный ресурс] https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/ materialy-mo/2015/06/05/osobennosti-organizatsii-dosuga-mladshih-shkolnikov (Дата обращения 01.02.2019).

2. Судалина Наталья Юрьевна. Дискуссионный киноклуб как форма работы с подростками. [Электронный ресурс] https://xn--i1abbnckbmcl9fb.xn--p1ai/ %D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/583115/ (Дата обращения 01.02.2019).

3. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. Киев: Радянська школа, 1974 г.

4. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі №6. 2013ж.

5. Тәрбие құралы №6. 2012ж.

6. Оқыту – тәрбиелеу технологиясы №5. 2010ж.

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ҮШТІЛДІЛІКТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Сулейменова Гаухар Айнуровна
«Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
мамандығының 2-курс студенті
suleimenova2402@mail.ru
Хамзина Күлшат Бақытжанқызы
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,
п.ғ.м., педагогика кафедрасының аға оқытушысы
hamzina_67@mail.ru

***Аннотация***

*Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі қарастырылады. Қазіргі жаһандану заманының талабына сай әр адам үш тілді жеттік білуі тиіс, үш тілде еркін сөйлей алуы қажет. Ел басы 2007 жылғы халыққа Жолдауында "Тілдердің үштұғырлылығы" атты мәдени жобаны ұсынып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, бастауыш сыныптарына үш тілдікті енгізген жөн. Осы орайда, біз сіздерге жүргізген зерттеу жұмыстарымызды ұсынамыз. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбы – «Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі».*

***Аннотация***

*Актуальность. Цель. В статье рассматривается актуальность применения трехъязычие на уроках казахского языка в начальной школе. Сегодня, в век инноваций, человек должен знать и свободно говорить на трех языках. В 2007 году, глава государства в своем обращении к народу Казахстана, основываясь на культурном проекте "Триединства языков" отмечает важность знания трех языков. Знания полученные в начальных классах это основа всех наук. Поскольку ученики начальных классов находятся в возрасте настоящего и полного восприятия, правильно будет ввести трехязычия именно в начальных классах. Основываясь на этом, мы представляем вам проведенную нами исследовательскую работу. Тема нашей научной работы - «Актуальность использывания трехязычия на уроках казахского языка в начальных классах».*

**_Abstract_**

*Relevance. Goal. The article discusses the relevance of the reconciliation of trilingualism in the lessons of the Kazakh language in primary school. Today, in the age of innovation, people should know and speak three languages fluently. In 2007, the head of state in his address to the people of Kazakhstan, based on the cultural project of the «Trinity of languages», noted the importance of knowledge of three languages. Knowledge obtained in primary school is the basis of all sciences. Since primary school students are at the age of present and full perception, it is correct to introduce trilingualism in primary school. Based on this, we present to you our research work. The theme of our scientific work – «The Relevance of using trilingualism in the lessons of the Kazakh language in primary school».*

***Түйін сөздер:*** *үштілділік, оқыту, бастауыш білім, мемлекеттік тіл, ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі.*

***Ключевые слова:*** *трехъязычие, обучение, начальное образование, государственный язык, международный язык, английский язык.*

***Keywords:*** *trilingualism, training, primary education, state language, international language, english.*

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты Елбасы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты халыққа Жолдауында "Тілдердің үштұғырлылығы" атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»,-деген болатын. [1.41].

Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жодауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһанданну кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.

Біздің ойымызша, бастауыш сыныптан бастап оқушыларға үш тілдің базалық деректер қорының сөздерін үйрету керек. Тілді оқыту-балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың жоспарлы, мақсатты үрдісі, олардың қоршаған орта туралы қарапайым білім жүйесін және тиісті сөздікті меңгеруі, сөйлеу шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алады. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларына үш тілділікті үйретуге өте қолайлы. Неғұрлым көп естіп білуге ынталанған балалардың еске сақтау қабілеті соғұрлым жоғары дәрежеде дамиды. Ал ерте жастан балаға көңіл аудармай оның жан-жақты дамуына көмек жасамасақ оның ақыл-ой, қабылдау, есте сақтау қабілеті баяу дамиды. Себебі, баланың дамуы кішкентайынан бастап қалыптасқандықтан, тілді үйрету мәселесін де ерте жастан бастаған жөн.

Осы орайда, біз сіздерге жүргізген зерттеу жұмыстарымызды ұсынамыз. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбы – «Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі».

Біз 3-сыныптың қазақ тілі пәніне арналған сабақ жоспарын ұсынып отырмыз.

**Сабақ тақырыбы:** Бастауыш

**Мақсаты:** Сөйлем мүшесі бастауыш туралы түсінікті тереңдетіп, олардың грамматикалық белгілерін меңгерте отырып, өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға ықпал ету.

**Күтілетін нәтиже:**

– Бастауыш туралы біліп, түсінеді.
– Бастауышты сөйлем ішінен ажыратып айта алады.
– Сөйлемнің бастауышын анықтай отырып, оның қызметін біледі.

**Сабақ кезеңі:**

**І.Кіріспе**

– Сыныппен үш тілде сәлемдесу
  – Сәлеметсіздер ме балалар!
  – Здравствуйте дети!
  – Hello my children!
– Қызыл, көк түстер арқылы топтарға бөлу
  – 1 топ – қызыл – красный - red
  – 2 топ – көк – синий – blue

**ІІ. Тұсаукесер**

– Оқушылар бір-бірлеріне доп лақтыру арқылы сұрақ қойып, өткенді еске түсіреді
– Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсінеді

**ІІІ.Негізгі бөлім**

Бастауыштың анықтамасын, сұрақтарын түсіндіру. Қимыл, іс-әрекет иесін білдіретін сөзді бастауыш дейді. Бастауыштар кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі? деген сұрақтарға жауап береді.

Подлежащее – это главный член предложения, который указывает на главный предмет и отвечает на вопрос именительного падежа – «кто? что?»(who?/what?)

**1-топ тапсырмасы**

Сөйлем ішінен бастаушты табу
Мистер Джонсан менің сүйікті ұстазым
Mr Johnson is my favourite teacher
Мистер Джонсон мой любимый учитель

**2-топ тапсырмасы**

Сөйлем ішінен бастауышты табу
Марат әр апта сайын атасымен әжесіне  барады
Марат навещает своих дедушку и бабушку каждую неделю
Marat visits his grandparents every week

**Сергіту сәті**

Ендідемалыпалайық!
Қол - рука - hand
Бет – лицо-face
Тіс – зубы – teeth
Аяқ - ноги – feet

Енді әнімізге осысөздерді қосамыз:

Clap –clap-clap your hands
clap your hands together
wash – wash- wash your face
wash your face together
brush – brush- brush your teeth
brush your teeth together
jump – jump- jump your feet
jump your feet together!

2-топқа арналған тапсырма. "Адасқанбастауыштар"
Көрсетілген суреттерге тиісті сөздермен тіркестіреді
Сиыр - үреді
Ит - мөңірейді
Жылқы - қарқылдайды
Қарға - бақылдайды
Бақа - кісінейді

- Сиыр-корова- kine
- Ит-собака-dog
- Жылқы-лошадь-horse
- Қарға-ворона-crow
- Бақа-лягушка-frog

***Рефлексия***

- **«Блоб ағашы»** арқылы өз-өздерін бағалау

**IY. Қорытынды**

- Өз-өздерін бағалап көрсетеді.
- Үйге тапсырма алады.

**Сабақ аяқталды.**

- Сау болыңыздар балалар!
- Досвидания дети!
- Good bye my children!

Бұл біздің 3-сынып оқушыларына құрған сабақ жоспарымыз. Әрине балаларға басында қиын болатыны анық, бірақ сонымен қатар осындай үш тілдегі сабақтардың арқасында оқушылардың бастауыштан бастап сөздік қоры молайып, сөйлеу шеберлігі мен дағдылары қалыптасады. Оқушылардың жазудан гөрі, тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені бұл жаста оқушылардың көбі есту, көру арқылы есте жақсы сақтайды.

Бастауыш сыныпта ата-аналардың көмегіде өте маңызды. Егер олар бүгінгі сабақта үйренген сөздерін күнделікті үйде қайталап отырса, келесі сабақта балалар оны ұмытпай еркін қолданатын болады.

Балаларды үш тілділікке үйретудің ерте кезеңінде мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі-бұл пәнді қызықты және сүйікті ету. В.А.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дегендей, сабақта тек тақырыпқа байланысты үш тілдегі терминдермен ғана қолданбай, баланың қызуғышылығын арттыру үшін түрлі сергіту сәттерін, сабаққа байланысты ойын элементтерін де қолданған дұрыс деп ойлаймыз. [2.17].

## Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 2007.
2. А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері». Бастауыш мектеп, № 3, 2009ж.

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз........................................................................................................................ 3
*Бережнова Е.В.* Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов..................................... 4

### СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

*Амангельді Ғ., Утегенова Б. М.* Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары............................................ 10
*Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.* Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.......................................................................... 16
*Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.* Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.......................................................................... 21
*Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.* «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер................................................................................................................ 25
*Жаппар А. С., Хамзина К. Б.* Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.........28
*Қуаныш А., Утегенова Б. М.* Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.......................................................... 31
*Макатова А., Қалиев Д. Д.* Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).......................................................35
*Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.* Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....................................39
*Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.* колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары......................................................................................... 43
*Сартаев Р., Қалиев Д. Д.* Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану............ 47
*Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.* Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі........................................................................ 50

### СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

*Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.* Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен........................................ 54
*Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.* «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.......................................................................................................... 57
*Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.* «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау........................ 60
*Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.* Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.................... 65
*Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.* Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты..................................................................................................................... 70

*Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б.* Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері........................................... 76

## СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

*Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.* Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.................79
*Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.* Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка»................................................. 83
*Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.* Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности................................................... 88
*Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.* Технологический подход в обучении.......................................................................................... 94
*Вишняк В. В., Иванова Е. Н.* Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей............................................................ 100
*Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.* Модель образовательной системы в контексте компетентностного подхода к образованию.......................................................103
*Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.* Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников...................... 109
*Дордий И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.* Роль лидерства в педагогическом менеджменте.............................................................................. 113
*Жуматова Д. С., Бекенова А. К.* Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе........................................................ 120
*Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.* Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека........................................... 126
*Идрисова А. М., Бекенова А. К.* Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.......................................................................................................... 136
*Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.* Роль молодежных общественных организаций в казахстане............................................................... 139
*Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.* Управление инновациями в современной школе........................................................................ 141
*Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.* Особенности экологического воспитания студентов..................................................................................... 146

Конференция тұжырымдамасы.......................................................................................151
Резолюция конференции............................................................................................. 153